



**“Отанға деген патриотизмді
қалыптастыру мен тәрбиелеудегі
мәдениет мекемелерінің рөлі.”**

**“Жаһандану жағдайындағы білім
беру мәселесі.”**

Жалпы патриотизм сөзі ежелгі гректің «патриа» – атамекен сөзінен шыққан. Отанға деген құрмет, өз халқына деген сүйіспеншілік, өз салт-дәстүріне құрмет, ұлты мен елінің жеңістеріне мақтаныш – осының барлығы патриотизмге тән қасиеттермен теңестіріледі. Қарапайым сөзбен айтқанда, Отанға, тілге, салт-дәстүрге, мәдениетке деген сүйіспеншілік.



**Ол – мемлекет діңгегі беріктігінің
моральдық негізі және қоғам
дамуының, сондай-ақ жеке
тұлғаның белсенді азаматтық
ұстанымы мен Отанына аянбай
қызмет етуге дайын болуының
маңызды ресурсы. Әлеуметтік
құбылыс ретінде кез келген ұлт
пен мемлекеттіліктің дамуының
нығайтқыш негізі.**



Осы мақсатқа жету үшін мынадай негізгі міндеттер қажет:

- Патриоттық тәрбиені насихаттау мақсатында мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында ұйымдастырушылық іс-шараларды жүргізу;**
- Жастардың сезімдері мен білімдерінде патриоттық құндылықтарды, көзқарастар мен сенімдерді қалыптастыру;**
- Отанының өткеніне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына құрметпен қарауға тәрбиелеу;**
 - Жастардың бойында Отанға деген адалдық пен өз мемлекетін қорғауға дайындықты нығайту.**



– Азаматтарды әлеуметтік-экономикалық, мәдени-құқықтық, экологиялық және басқа да проблемаларды шешуге белсенді қатысуына мүмкіндіктерін жасау;

– Азаматтарды мемлекетінің Конституциясын, қоғамдық және ұжымдық өмірдің нормаларын құрметтеу рухында тәрбиелеу, адамның конституциялық құқықтары мен оның міндеттерін, азаматтық, кәсіби және әскери борышын жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін жағдай жасау;



- Елінің мемлекеттік рәміздеріне – Елтаңбасына, Туына, Әнұранына, және еліміздің тарихи киелі орындарына деген мақтаныш сезімін, терең құрмет пен қастерлеу сезімін ояту;
- Қоғамдық оқиғалар мен мәселелерді теледидардың, радионың және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен ақпараттандыру арқылы азаматтардың патриоттық бағдарын күшейту;
- Ел тарихын бұрмалауға, адам құқығын таптауға негізделген бұқаралық мәдениет үлгілерін насихаттауға, анти-патриотизмдік белгілерге белсенді түрде қарсы тұру;
- Нәсілдік, ұлттық, діни төзімділікті қалыптастыру, халықтар арасындағы достық қарым-қатынасты дамыту.



Өзінің тәуелсіздігін алған, егеменді ел ретінде көк байрақты мәңгі көкке көтеріп, толыққанды дамыған мемлекеттердің қатарында бой көрсету үшін, ұлтымыздың мәдени-рухани мұрағаттарын, тарихын бүкіл әлемге таныту үшін ұлттық сананы, ұлттық құндылықты және ұлттық мүддені өскелең ұрпақтыңа бойына сіңіру маңызды. Ұлттық құндылықтарын қадірлеп, ұлттық мүддесін қорғайтын жас сананы қалыптастыру арқылы ғана елдің бүгінгі тұрақты өмірі мен жарқын келешегі жолындағы еңбегі мен күрескерлігіне сеніммен қарай аламыз.



Жаһандану" термині "өзара тәуелділік" және "интернационализация" сияқты ұғымдарды алмастырды, экономикалық, әлеуметтік және саяси салалардағы халықаралық қатынастар жүйесін дамытудың сапалы жаңа кезеңін сипаттайды. Жаһандану жан-жақты даму үстінде , адам қызметінің әлеуметтік және жеке өмірдің барлық салаларына, сонымен бірге білімге де әсер етеді. Жаһанданудың басты артықшылығы діндердің, мәдениеттердің, дәстүрлердің, менталитеттің өзара байланысын қамтамасыз ету және осылайша адамды әлеммен таныстыру.



Әр елдің интеллектуалдық, парасаттылық, мәдени қарым-қатынасы ғылым саласының дамуына, оның жаңаша даму мүмкіндіктеріне тікелей қатысты екендігін қазіргі ғылым мен білімнің эволюциясы, яғни даму тарихы айқындап отыр. Тәуелсіз еліміздің ғылымы мен білімінің даму стратегиясы ұлттық сипаттағы білім мен ұлттық тәрбие идеяларын негізге ала отырып, әлемдік білім кеңістігіне кірігуімен анықталады. Үшінші мыңжылдық жылнамасын ашып отырған бүгінгі жаңарған Қазақ елінің білім, ғылым саясатындағы өзекті мәселе – еліміздің экономикасы мен әлеуметтік саласының тұрақты дамуының басты факторларының бірі екендігі мәлім.



Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында: «білім беру жүйесі міндеттерінің бірі: ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау және белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық – саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру» – деп көрсетіледі. Ал бұл міндеттерді жүзеге асырудың шарттары ретінде: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу сияқты ауқымды мәселелер алынған.



**Білім мен ғылымды өз дәрежесінде
меңгерген елдер ғана әлемдік
дамудың алдында, озық тұсында
болады», – деп атап көрсеткен.
Жаһандану жаңа қоғамдық өмірде
орын алған өзгерістер мен
технологиялық жетістіктер –
қоғамдық сана дамуының қозғаушы
күші болып табылатын білім мен
ғылым саласына да өз ықпалын
тигізеді. Сондай-ақ білім беру әлемдік
интеграциялық үдеріспен қатар
қарыштап дамуда да маңызды рөл
атқарады.**



**Білім беру жүйесіндегі негізгі
міндет – ұлттық және адамзаттық
қасиеттер, ғылым мен
тәжірибенің жетістіктері негізінде
жеке тұлғаны қалыптастыру,
дамыту үшін қажетті
жағдайларды жасау болып
табылады**



**Назарларыңызға
рахмет!**